

"Қазақстанда өндірілген және әкелінген бензин мен дизель отынынан Жол қорына алымды есептеудің және төлеудің тәртібі мен ережелері туралы" Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1998 жылғы 30 шілде N 348 Бұйрық . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 20 тамыз N 581 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 29 қарашадағы N 421 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойыды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

5. "Қазақстанда өндірілген және әкелінген бензин мен дизель отынынан Жол қорына алымды есептеудің және төлеудің тәртібі туралы" Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1998 жылғы 30 шілдедегі N 348 бұйрығы (N 581 Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде тіркелген)...

Төраға

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 шілдедегі N 697 P980697 _ "Қазақстан Республикасының мұнай өнеркәсібіндегі қаржылық- экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" қаулысына сәйкес бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1998 жылғы 15 шілдедегі N 324 V980542_ бұйрығымен бекітілген, "Қазақстан Республикасында өндірілген және әкелінген бензиннен және дизель отынынан Жол қорына алым есептеудің және төлеудің тәртібі мен ережелері туралы" Нұсқаулыққа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

оныншы абзацтағы "Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және (немесе)" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он үшінші, он төртінші, он бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"1998 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасында өндірілген

және әкелінген бензиннен және дизель отынынан алынатын алымның ставкасы
мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

бензин бойынша (авиациялығын қоспағанда) - метрлік тоннасы үшін - 2000
т е ң г е ;

дизель отыны бойынша - метрлік тоннасы үшін - 0 теңге;
жиырма екінші абзацтағы "алымды төлеушілер болып оларды өндіруші
тұлғалар саналады" деген сөздер "алымды оларды өндіретін тұлғалар ұстап
қалады" деген сөздермен ауыстырылсын.

Бірінші вице-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК